

Халықаралық облигациялар және АДР шығарудың шарттары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы директорының 1998 жылғы 20 қараша N 197 Қаулы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 11 ақпан N 682 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы директорының 2000 жылғы 15 мамырдағы N 609 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногын дамыту және Қазақстан Республикасы ұйымдарының халықаралық, бағалы қағаздар шығару жөніндегі процесін реттеу мақсатында, сондай-ақ инвесторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы ұйымдарының олардың бұрынғы шығарылған бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған және жұмыс істеп тұрған қор биржасының ресми тізіміне енгізу шартымен халықаралық облигациялар (бұлар "Халықаралық облигациялар шығару кезінде ақпараттар беру туралы" Ұлттық комиссия Директоратының 1998 жылғы 15 көкектегі N 60 V980535_ қаулысы 1-тармағының төртінші бөлігінде айқындалған) және АДР (бұлар "Америкалық және әлемдік депозитарлық акцияларды (қолхаттарды) шығару кезінде ақпарат беру туралы" Ұлттық комиссия Директоратының 1998 жылғы 30 шілдедегі N 124 V980587_ қаулысы 1-тармағының екінші бөлігінде айқындалған) шығарылымдарын жүзеге асыруға құқылы екендіктері белгіленсін.

2. Ұлттық комиссия Директоратының мынадай қаулыларына тиісті толықтырулар енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 25 мамырда N 535 тіркелген "Халықаралық облигациялар шығару кезінде ақпараттар беру туралы" 1998 жылғы 15 көкектегі N 60;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 27 тамызда N 587 тіркелген "Америкалық және әлемдік депозитарлық акцияларды (қолхаттарды) шығару кезінде ақпарат беру туралы" 1998 жылғы 30 шілдедегі N 1 2 4 .

3. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар
б а с қ а р м а с ы :

1) осы Қаулыны (оны күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногы
субъектілерінің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұ л т т ы қ к о м и с с и я н ы ң

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК